

Аңшы киімі мен жабдықтары

Аңшы киімі мен жабдықтары - аңшының саятқа немесе аңға шыққанда киетін арнайы киімі мен қолданатын құрал-жабдықтары (аксессуар) болды.

Аңшының киімі қозғалысқа ыңғайлы, әрі ықшам болуы тиіс. Қыстық киім негізінен - саптама етік, қыстық тымақ, жылы ішік, жарғақ шалбар. Ықшам киінген аңшы киімінің етегін шалбарланып алады, ал, кіселі белдігін киімнің ту сыртынан буып тағынады. Тау, тастан таймас үшін өкшесінде нәлі немесе тақасы бар етік киеді. Ал, жаяу аңшы аяққа шаңдай немесе сүйектен сойшаңғы тағып алады.

Аяздың бәсең кездерінде үстіне сырмалы иіпапан немесе шекпен, аяғына былғары етік, басына күләпара болмаса малақай кейде бөрік киеді. Аңшы саятқа шығарда өзімен бірге беліне байланған кісеге қынға салынған пышақ, жемқалта оқшантай, дәрі-дәрмек, шақпақ, қу, шыжымбау, белқанжыға тағады. Сонымен бірге, қолында аң соғатын дойыр қамшы, інге кіріп кеткен аңға бұрау салатын таяқ, аң олжасын қанжығаға байлайтын жәңгек ала шығады.

~~Шоқпар, сойылды қажеттілікке қарай алуы мүмкін.~~

Сонарға шыккан аңшылар, көбінесе, арнайы дайындықпен «артынып-тартынып», кішігірім көш тәрізді топ болып жүрді. Саятта тазыға арналған жүрек жалғар ет және тамақ салып жүретін көлемі үлкендеу жемқалта аңшының жанынан тастамайтын ең басты атрибуттардың қатарына жатады. Әлбетте, ұшқыр, әрі ұзақ жүріске төзімді ат таңдап алады. Ердің айылын төстей тартады. Саятшыға қарағанда, бірде өрлеп, бірде құлдилап, сай-сала қуалап көп жүретін болғандықтан, аттың ер-тұрманы тұрақты болуына қатты көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты ер-тұрманға қосымша айыл тартылады. Бүркітші саятқа шыққанда ең қажетті құрал-сайман және жабдықпен қоса, бүркіттің аяғының қанын тоқтататын бұлғарының еті деп аталатын бұлғарының ішкі бетіндегі ұлпасын бірге алады (саятшылықта, әсіресе, ірі жыртқыш аңға түскен бүркіттің жаралануы - жиі болып тұратын жайт). Аязды күндері бүркіт құндағы, тазыны орайтын жамылғы, кешке тоңғанда киетін дақы, мұйығын ердің қанжығасына байлап бөктеріп алады.

Аңшы құралы құсбегі құралынан сәл өзгешелеу,

киетін киімі саятшы киіміндей қимылдап-қозғалуға икемді әрі жеңіл болғаны дұрыс.

Тазысын ерткен аңшы далада көп жортып, күні бойы қимылдап, жан-жақты шолып, жіті көп бақылайтындықтан күн сәулесі қарға шағылысып көзін шаршатады. Сонан көзін қорғайтын "көзқарықтық" немесе "көзілдірік" деп аталатын құрал тағады. Оны адамның екі шықшытын басып тұратындай етіп кәдімгі көзілдірік пішінінде кесіп алған тері, ұзындығы бір қарыс, ені үш елі былғары, қара түсті қалың матадан екі көзге келетін ортасын ойық етіп жасайды.

"Көзілдірікті" аңшы көзіне тағып, екі ұшына тағылған баумен бір-біріне байлайды. Оны қарда мал бағып жүрген қосшы (жылқышы) мен қойшылар жиі киген. Аталған аспап күн сәулесі қарға шағылысып, көзі жасаурап, қышып ауруынан қазақ "көздің қарығуы" (орысша оны "снежная слепота" атайды) деп аталатын сырқаттан сақтайды. Қар жиі жауатын өңірдің малының көзі де қарығып ауыратындықтан тіптен малдың көзіне де киізден, былғарыдан істеп байлаған. Тазы итін көзқарығудан сақтау үшін көзінің шарасын айыалдыра кәдімгі ошақтың қара күйесін жағып қояды.

Бірақ қыста далада ұзақ жүрген кезде тағатын нағыз көзілдірік жылқы терісінен жасалады, дейді белгілі шебер Д.Шоқпарұлы. Оған жылқының иленбеген шикі терісін жібітіп, түгін жидітіп алған соң, көзді жауып тұратын тұсын сопақшалап, көзілдірік пішінінде пішіп алады да, көздің тұсынан көлденең тілік тіліп, тері тобарсыған (шала кепкен) кезде тіліктердің арасындағы жолақты көлбеу бағытқа бұрып, тері көңге айналғанша көлеңкеде кептіріп қояды. Оған шүберектен ызылған бау немесе биязы жарғақтан тілінген бүлдірге таққан.

Тазы ерткен аңшы қолына аңды ұрып алатын құрал - сабы ұзын дойыр қамшы немесе қайын сойыл, шоқпар алады. Түлкіге шықса қолына түлкі соғатын ұзын құрық алады. Бастысы, тазыны жетектеп байлап алатын шылбыр да артық етпейді. Тазыны үйреткенде оны қажет кезін дежекiп, ұрып та алатын ұзындығы бiр құлаштай шыбыртқы аңшының қолынан түспейдi. Ал саятта тазының жүрегiн жалғап, аузын қимылдататын ет, тамақ салып алып жүретiн көлемi үлкендеу "жемқалта" жанынан тастамайды. Аңшы да саят аты тәрiздi ұзақ жүрiске төзiмдi атты таңдайды.

Ердің айылын төстей тартады, саятшыдан гөрі
өрлеп-құлдилай, қияда, ойда көп жүретін
болғандықтан, аттың ер-тұрманы толық сайма-
сай, өмілдірік, құйысқан, қосымша айыл
тартылуы шарт. Ердің қасынан сусын құйылған
теріден жасалған жанторсығы, жаз жамылғысын,
қыс ішігін қанжығадан тастамаған. Аңшының
ажырамас атрибуты - пышақ бірнеше мәрте
суарып жасаған өткір келеді. Кәдімгі пышақтан
айырмасы аз. Тек қарбаласта суырылып түсіп
қалмауы үшін пышақтың дүміне орнатылған
шығырығымен қынға бекітілген бүлдіргімен
байлап қояды.